

"Телекоммуникация жергілікті желілерінің телеграф байланысы қызметтерін ұсыну ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1997 жылғы 27 мамырдағы № 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы № 81 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 11 шілдедегі № 528 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің 2013 жылғы 17 шілдедегі № 218 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Телекоммуникация жергілікті желілерінің, телеграф байланысы қызметтерін ұсыну ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1997 жылғы 27 мамырдағы № 465 және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы № 81 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 461 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс саласындағы мемлекеттік саясат департамент! Ш.В. Ярошенко):

1) осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдануын;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және МОИП орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі*

*Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі*

_____ А.Жұмағұлов

_____ Е.Досаев